Бекітемін:
«Ботақан» бөбекжай-бақшасы
Меңгерушісі: ____________
Р.М.Абдрахманова

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұныны іске асыруда өтпелі тақырыптар бойынша «Қоңырау» ортаңғы тобының 2021-2022 оқу жылына арналған бейнелеу оқу қызметтерінің перспективалық жоспары

Дайындаған: А.Қ.Каюпова
Бейнелеу маманы

Scanned by TapScanner

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Қоңырау» ортаңғы топ**
**Қыркүйек айы. 2021 жыл**
**Өтпелі тақырып « Балабақша»**

**Мақсаты:** Өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету және балабақшамен таныстыру.
**Міндеті:** Балабақша қызметкерлерімен,бөлмелерімен,жиһаздарымен және ондағы заттармен таныстыру.
Өз ойларынша әңгіме құрап айтуға үйрету. Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I «Менің Балабақшам»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Менің тобымдағы заттар.» | **Мақсаты:** Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата алады. | Геометриялық пішіндер, дөңгелек, сопақша. | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Балауыз шаммен сурет салу. Шыққан пішінді атау. | А4 қағаз, гуаш бояуы, қылқалам, дымқыл сүлгі, дайын үлгі. | **Дидактикалық ойыны «Қандай пішін шықты?»** **Мақсаты:** Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу. Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы:** «Қоян-менің сүйікті ойыншығым» | **Мақсаты:** Ермексазды домалату, шымшу, жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндей алады. | Қоян – заяц – rabbit | Ермексазды домалатып жұмсартамыз. Домалатып, қоянның пішінін жасау. | Ермексаз, сурет үлгісі, сүлгі, үлестірмелі материалдар, ермексазға арналған тақтайша. | **«Зейінді бол»** **Мақсаты:** тыңдау, есту қабілеттерің одан ары карай жетілдіру. Шарты: Тәрбиеші дала құстары туралы жұмбақтап айтып отырады, балалар қандай құс туралы байқап алда жатқан тиісті суретті көтеріп көрсетеді. |
| | **II «Менің достарым»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Досымның үйі». | **Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе алады. | Үй – дом – home | Үзік сызықтарды қарындашпен қосу арқылы үйдің шатырын үшбұрыш етіп салу және қабырғасын шаршы пішінін салу.Үйдің терезесін және есіктерін салу.Өз | Суреттер, үлкен үйдің макеті, түрлі-түсті геометриялық пішіндер, бала саны бойынша қағаз, түрлі-түсті қарындаштар. | **Дидактикалық ойын: «Жақсылық-жамандық»** -Ағаштарды отырғызу. -Орманды өртеу. -Құстарға жем шашу. -Суды ластау. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалауы бойынша суреттерін толықтыру. | | |
| | **III «Менің сүйікті ойындар, ойыншық тарым»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншығым» | **Мақсаты:** Домалақ пішіннен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді біледі. | Трафарет,ойыншық игрушка, ойыншықтар игрушки | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Трафаретпен доптың пішінін губкалы таяқшамен бастырып салу. Салынған суреттің үстінен қылқылыммен әртүрлі ирек сызықтар сызу. | Доптың пішіні ойылған трафарет, гуаш, қылқалам, әр балаға ақ парақ, сүлгі. | **«Арқан тартыс»ойыны** Балалар екіге бөлініп арқан тартысады. |
| | | **Жапсыру. Тақырыбы:** «Балабақша ауласындағы көбелектер». | **Мақсаты:** Үлгіге қарап, қағаз бетіне көбелектерді жапсырады. | Көбелек-бабочка-butterfly | Жапсыру | Сурет үлгілері, дайын сурет, қайшы,желім. | **Дидактикалық ойындар Мақсаты:** 2 жұптық (топтық) заттарды салыстырып, бірдейлерін табуға және кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Керекті құралдар: 5 жасыл шар және 5 сары шар. |
| | **IV «Балабақша ЖиҺаздары»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Топтағы шкафтар» | **Мақсаты.** Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуға үйренеді. | Шкаф-гардероб - wardrobe | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Пішіндерді пйдаланып шкафтың суретін тіс шеткасы арқылы шашыратып сурет салу. | Әр балаға ақ бет қағаз, гуаш, тіс шеткасы, сүлгі, су құйғыш. | **«Сол жақ па, оң жақ па?» Ойын шарты:** Балалардың (не педагогтың) алдында сандар және ойыншықтар тұрады. Педагог 1 цифрын көрсеткенде, бала төменгі сызыққа сонша шырша қою керек. —Барлығы неше шырша? Қай ойыншық жоғарыда тұр? (саңырауқұлақ) Ал, қай ойыншық төменде тұр? (шырша) «Тап!» |

Scanned by TapScanner

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

**«Қоңырау» ортаңғы топ**

**Қазан айы 2021жыл**

**Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым»

**Мақсаты:** Отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеу.

**Міндеттері:** Отбасы мүшелерін атай білуге және олармен қарым қатынас жасауға йрету.Отбасы мүшелері туралы жаңа сөздерді енгізіп, отбасы мүшелерін атау,сұрақ жауап арқылы сұхбатқа бейімдеу.Ұйымшылдыққа және үлкенді сыйлауға,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I «Менің отбасым»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Отбасым» | **Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе біледі. | Отбасы- семья - family | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Құммен сурет салу. | А4 қағаз, гуаш бояуы, қылқалам, дымқыл сүлгі, дайын үлгі. | **«Тап!» Ойын шарты:** Балалар саны бойынша әр түрлі болатын бірдей заттар карточкасы (сурет) беріледі. Тәрбиеші 3-4 рет қол шапалақтағанда, сонша нәрсесі бар карточканы көрсету керек. |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы:** «Көлік» | **Мақсаты:** Көліктер туралы түсінеді. Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, машина мүсіндеуді үйренеді. | Көлік- машина - car | Ермексазды алақанға салып жұмсартып, пішіндер арқылы мүсіндеу. | Ермексаз, сурет үлгісі, сүлгі, үлестірмелі материалдар, ермексазға арналған тақтайша. | **Үстел үстіндегі ойын Ойын шарты:** Балалар екі-екіден отырады. Оның алдында үшбұрыш пішіндер бар. Қандай пішін? Нешеу? Бұл пішін қалай аталады? Жұмбақ: Жазда да, қыста да Үнемі бір түсте. (Шырша) Балалар үлгіге қарап, шыршаны берілген үшбұрыштардан құрастырады. |
| | **II «Менің көшем»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Атам және әжем тұратын үй.» | **Мақсаты:** Геометрилық пішін үшбұрыш, шаршыны сала отырып, үйді бейнелеуді үйренеді . | Үй – дом – home, ата- дедушка- granfather, әже - qrandmother | Триз технологиясы элементтері арқылы құммен сурет салу. | Суреттер, үйдің суреттері, , бала саны бойынша қағаз, қылқалам, гуаш. | **«Көрпені жамауға көмектес!»** **Мақсаты:** геометриялық пішіндермен таныстыру. Геометриялық пішіндерді орналасқан орны бойынша таба білу. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | III<br>«Жомарт күз» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Бағдаршам» | **Мақсаты:**<br>Дөңгелек пішінді заттарды сала алады. Дәстүрден тыс сурет салудың техникасын түсінеді.. | Трафарет,ойыншық игрушка, ойыншықтар игрушки | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу.<br>Трафаретпен дөңгелек пішінін қарындаш арқылы бастырып салу. Салынған суреттің үстінен қылқылыммен үш түстітіге бояу. | Дөңгелек пішінді ойылған трафарет, гуаш, қылқалам, әр балаға ақ парақ, сүлгі. | **Дидактикалық ойыны «Біреу және көп»**<br>**Мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету.<br>Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. |
| | | **Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**<br>«Менің үйім». | **Мақсаты:**<br>Пішіндерді қағаз бетінде орналастыра біледі. | Көбелек-бабочка-butterfly | Жапсыру | Сурет үлгілері, дайын сурет, қайшы,желім. | **Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.<br>Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды.<br>Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. |
| | IV<br>«Алтын күз» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Алтын күз». | **Мақсаты:**<br>Дәстүрден тыс әдісімен ағаштардың дайын суретінің үстінен сары жапырақтарды орналастырып сала алады. | Жапырақ-листья- leaves | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу.<br>Табиғи жапырақтың үстін гуашпен бояп, дайын ағаш суреттің үстінен бастырамыз | Әр балаға дайын сурет, гуаш, табиғи жапырақ, сүлгі, су құйғыш. | **«Зат неге ұқсайды?»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. |

Scanned by TapScanner

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Қоңырау» ортаңғы топ**
**Қараша айы, 20201жыл**
**Өтпелі тақырып: Дені саудың – жаны сау**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I «Өзім туралы»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Мен жасай аламын». | **Мақсаты:** Дөңгелек пішінді заттардың суретін салады. Түстерді үйлестіре білуге үйренеді. | Кардонды дөңгелек пішінді ыдысм- Картонный круглый контейнер | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Гуашқа дөңгелек ыдысты бастырып параққа бастыру. | А4 қағаз, гуаш бояуы, қылқалам, су құйғыш, дымқыл сүлгі, дайын үлгі. | **«Айырмашылығын тап»** **Мақсаты:** Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы:** Айгүлге көмектесейік | **Мақсаты:** Қолшатыр туралы түсінеді. саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы жетіледі. | Қолшатыр – зонтик - umbrella | Ермексазды алақанға салып жұмсартып, пішіндер арқылы мүсіндеу. | Ермексаз, сурет үлгісі, сүлгі, ермексазға арналған тақтайша. | **«Біреуі артық»** **Мақсаты:** «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. |
| | **II «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Дәмді алмалар». | **Мақсаты:** Дөңгелек пішіндерді түрлі көлемде салуға үйренеді. | Алма-яблока-apple | Триз технологиясы элементтері арқылы құммен сурет салу. | Суреттер, бала саны бойынша қағаз, су құйғыш, қылқалам, гуаш. | **«Сипап сезу арқылы санау»** **Мақсаты:** Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. |
| | **III «Өзіне және өзгелерге көмектес»** | **Сурет салу Тақырыбы:** Торғайға көмектесейік | **Мақсаты:** Әртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, құстың суретін салуға үйренеді. | Торғай- воробей- sparrow | Пішіндер арқылы торғайдың бейнесін жалғастыру. | Дөңгелек пішінді салынған парақ, түрлі түсті қарындаш, сүлгі. | **«Ненің баласы?»** <br> **<u>Мақсаты:</u>** Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. <br> Мазмұны. Үлкен және кіші ойыншықтар бөлек тұрады. Бала үлкен ойыншықты таңдап алады және оған кішкене ойыншықтарды іріктеп алады (немесе керісінше). Өзінің таңдап алған жұбын атайды. |
| | | **Жапсыру. Тақырыбы:** «Менің мәшиналарым». | **Мақсаты:** Балалар геометриялық фигураларды дұрыс қия алады. | Көбелек – бабочка - butterfly | Дайын көбелек суретін қиып параққа жапсыру. | Сурет үлгілері, дайын сурет, қайшы, желім. | **«Сиқырлы қалта»** <br> **<u>Мақсаты:</u>** Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. <br> **1-нұсқа** – затты қолмен ұстап санау. |
| | **IV «Біз күштіміз,ептіміз»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Кесені әшекейлеу». | **Мақсаты:** Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтері сала алады. | Ою- өрнек – орнамент- thought | Жартылай салған оюдың суретін қарындашпен жалғастыру. | Әр балаға дайын сурет, түрлі түсті қарындаш. | **«Шатасқан суретші»** <br> **Мақсаты:** зейінді дамыту және 10-ға дейін санай алу. <br> Ойын шарты: Суретшінің қатесін табу керек. Телефондағы нөмірлер дұрыс орналаспаған, сондықтан шеңбер дискісіне сандар топтамасын дұрыс ретпен орналастыру қажет. |

Scanned by TapScanner

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Қоңырау» ортаңғы топ**
**Желтоқсан айы, 2021жыл**
**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:** Отан, Қазақстан, туған ел туралы түсініктерін кеңейту.
**Міндеттері:** Балалардың ой-өрісін кеңейту және Отанға деген махаббатты арттыру. Балаларға Мемлекет астанасы туралы түсінік беру, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Туған жерінің табиғатын,елін,жерін,отбасын сүюге тәрбиелеу.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | I<br>«Жайнай бер. Қазақстаным» | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Күн жарқырады» | **Мақсаты:** Дөңгелек пішінді заттарды салуға жаттығады, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйренеді. | Күн- солнце - sun | ТРИЗ технологиясының элементтері арқылы дәстүрден тыс сурет салу. Балауыз шаммен сурет салу. | А4 қағаз, гуаш бояуы, қылқалам, су құйғыш, дымқыл сүлгі, балауыз шам, дайын үлгі. | **«Қай бағытқа жүрсең, сонда іздегеніңді табасың»**<br>**Ойын шарты:** педагог балалар білетін ойыгшықтарды әр жерге тығып тастайды. Тәрбиеші айтады: Егер… Оңға бұрылсаң – қуыршақты табасың; солға бұрылып, барсаң – қоян ойыншығын табасың; алға жүрсең – тышқан ойыншығын табасың. Қай бағытқа бұрылғың келеді? Қайда барасың? Бала өз қалауынша бағытын таңдайды және нені іздейтінін айтады. |
| | | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Автобус» | **Мақсаты:** Балалар көлік туралы түсін е отырып, үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобустың мүсінін жасай алады. | Көлік- машина- car | Мүсіндеу | Ермексаз, сурет үлгісі, сүлгі, ермексазға арналған тақтайша. | **«Не? Қайда?» Ойын шарты:** Балалар шеңбер құрады. Педагог шеңбер ортасында тұрады. Кез келген балаға допты лақтырып, сұрайды: — «Сенің сол жағыңда кім тұр?» Дұрыс жауап берген бала шеңбер ортасында жүргізуші болады және |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | ойын жалғасады (құлақтарына сыбырлап айтуына болады). Сұрақтар: Сенің оң жағыңда кім бар? Сенің алдыңда не тұр? Сенен кейін кім тұр? Анау бала оң жағында ма әлде сол жағында ма? |
| | **II «Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті,ҚР рәміздері »** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Байтерек» | **Мақсаты:** Түзу, домалақ пішіндерді салуға үйренеді, бәйтеректің суретін салады және оны бояуға үйренеді. | Бәйтерек , Ақорда, Нұр-Астана | Триз технологиясы элементтері арқылы сурет салу. Дайын сурет үлгісінің үстін желімді жағып, үстіне дарманы сеуіп жабысырамыз. Жабыстырылған жарманы шеңберін сары, ұзындығын көк түстерді пайдаланып бояймыз. | Суреттер, бала саны бойынша қағаз, су құйғыш, қылқалам, гуаш. | **«Жоғары-төмен лақтыр!» Ойын шарты:** Жүргізуші алдымен, допты сәл жоғары лақтырып, қағып алады. Тапсырма: «Жоғары лақтыр!». Бала допты жоғары лақтырады. Балалар допты одан да жоғары-жоғары лақтыр (немесе «төмен лақтыр!») – деп айтады. |
| | **III «Нұр –Сұлтан – біздің отанымыздың астанасы»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Пирамида» | **Мақсаты:** Үлгі бойынша пирамиданың суретін салуға үйренеді. Бояу түсін таңдап, сурет салады. | Пирамида, Отан- Родина - Motherland | Триз технологиясы элементтерін пайдаланып, үшбұрыш пішіндер арқылы сурет салу | Үшбұрыш трафарет, қылқалам, үш бұрышты ойыншықтар. | **«Сылдырмақты неше рет соқтым?» Ойын шарты:** Балалар көздерін жұмады. 2 қатарға бөлініп тұрады. Сылдырмақты қанша рет ұрсам, сонша рет текше (немесе доп) әкеліп қою керек. 1-ші команда текшелерді өте жақын орналастырса, 2-ші команда алшақ қояды. Соңында санайды. 1 команда -3, 2 командада – 3, демек 2 команда тең, бірдей болды. |

Scanned by TapScanner

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жапсыру. Тақырыбы:** «Поезд» (ұжымдық жұмыс). | **Мақсаты:** Түрлі-түсті қағаздардан геометриялық пішіндерді, дұрыс орналастыра алады. | Пойыз-Поезд- a train | Төртбұрыш, шаршы, дөңгелек қиып, қағаз бетіне ұқыптап жапсыру | Сурет үлгілері, геометриялық пішіндер, дайын сурет, қайшы, желім. | **«Үлкен-кіші» Ойын шарты:** Балалар 2 топқа бөлінеді. 1 – ұлдар (текшенің ең кішкентайынан үлкеніне қарай), ал 2 – қыздар командасы (керісінше, доптың ең үлкенінен кішісіне қарай рет-ретімен қояды). Керісінше: Үлкен текшеге – кішкентай көлікті қою керек. Кішкентай текшеге – үлкен көлік қою керек. |
| | **IV «Туған өлкем»** | **Сурет салу Тақырыбы.** «Ту». | **Мақсаты:** Толқынды және түзу сызықтарды салуға үйренеді, тудың суретін салуға үйренеді . | Ту – флаг - Flag | Үзік сызықтармен салынған суретті қарындашпен біріктіру арқылы сурет салу. | Әр балаға дайын сурет, түрлі түсті қарындаш. | **«Қанша болса, сонша …» Ойын шарты:** Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. Әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әр түрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі (обруч) ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге – 4 бала, 2-еуге – 2 бала. |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Қоңырау» ортаңғы топ**
**Қаңтар айы 2022 ж**
**Өтпелі тақырып «Қыс қызығы»**

**Мақсаты:** Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру.
**Міндеті:**Қыс туралы туралы балалардың білімдерін кеңейту.
Суреттермен жұмыс жүргізу.Ересектердің еңбегіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу;

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | I «Алақай қыс келді» | **Сурет салу Тақырыбы:** «Гүлдер». | **Мақсаты:** Саусақпен гүлдердің сурет салуға үйренеді. | Гүл – цветы- flower | ТРИЗ технологиясының элементтері саусақтар арқылы дәстүрден тыс сурет салу. | А4 қағаз, гуаш бояуы, су құйғыш, дымқыл сүлгі, дайын үлгі. | **«Керісінше айт!» Ойын шарты:** Балалар шеңбер құрады. Тәрбиеші ортада тұрып, доп лақтырып, айтады: «Көлшік – кішкентай, ал өзен-…(ұзын). Үй-аласа, құбыр (кран) – ұзын, шыбық- жіңішке, ағаш-жуан, үстел- үлкен, ал орындық- кішкентай. |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы:** «Айдаһар ойыншық». | **Мақсаты:** Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы айдаһар мүсіндеуге үйренеді. | Айдаһар- дракон- the dragon | Мүсіндеу | Ермексаз, сурет үлгісі, сүлгі, ермексазға арналған тақтайша. | **«Автожарыс» Ойын шарты:** 2 бала кішкентай бір-бірден ойыншық көлікке жіп байлайды. Нұсқау берілгенде лентаны бүктеп, ойыншық көлікті өзіне қарай тартады. Кімнің көлігі бірінші жетті? Кімдікі жәй келді? Осылай анықтайды. |
| | II «Қардың пайдасы» | **Сурет салу Тақырыбы:** «Қоян» | **Мақсаты:** Дайын қоян сұлбасына аяқтарын, көздерін, құлақтарын, аузын салып жалғастырып, | Қоян- заяц- robbit | Жартылай салынған суреттің суретін майлы қарындашпен сурет салу. | Дайын үлгі суреттер. Жартылай салынған бала саны бойынша сурет, су құйғыш, қылқалам, гуаш. | **«Геометриялық домино» Ойын шарты:** Геометриялық пішіндер әр түрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әр түрлі болады (қызыл, көк, жасыл, сары). Тапсырма: — 2 қызыл шеңберді тап! - |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | суретін салуға үйренеді. | | | | Бірдей түсті барлық пішіндерді жина! (сары, жасыл, т.б.) -Өлшемі бойынша бірдей үшбұрыштарды тап! -Үлкен пішіндердің бәрін тап! -Барлық көк түсті кішкентай пішіндерді тап! |
| | **III «Қыстайтын құстар»** | **Жапсыру. Тақырыбы:** «Гүл»<br><br>**Сурет салу Тақырыбы:** «Тотықұс». | **Мақсаты:** Төртбұрыштардан дөңгелек пішін қиюға, бөліктерді ұқыпты желімдеуге үйренеді.<br><br>**Мақсаты:** Құстың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеуге үйренеді. | Гүл- цветы – flower<br><br>Тотықұс- папугай- parrot | Гүлдің бөліктерін қайшымен қиып, жапсырып гүлдің бейнесін шығару<br><br>Тотықұс суретін сурет үлгісі бойынша салу | Сурет үлгілері, дайын сурет, қайшы, желім.<br><br>Сурет үлгісі, әр балаға үзік сызықпен бейнеленген тотықұс суреті, түрлі түсті қарындаштар. | **«Ретімен орналастыр!»**<br>**Мақсаты:** сандарды ажыратып біледі және санап үйренеді. Ойыншықтардың санына қарай цифрларды байланыстырып үйренеді. Заттарды санайды, жұптық және топтық заттарды салыстырады. Реттік санауды меңгереді, геометриялық пішіндерді ажыратады және уақытты бағдарлайды (ертең, бүгін, кеше).<br>**«Жасырылған ойыншықты тап!»**<br>**Ойынның жүрісі:** 1. Тәрбиеші есікті ашып шығып кетеді. Балалар ойыншықты жасырады. Оны табу үшін бағытын айтып отырады. Үстелден кілемге дейін жүр, кілемнен (палас) оңға бұрыл, 3 қадам бас және жерден ізде. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **IV «Аңдардың қысқы тіршілігі »** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Аққала». | **Мақсаты:** Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға үйренеді. | Аққала-снеговик-snowman | Триз технологиясы элементтері арқылы сурет салу. Бір қолданбалы сүлгімен мен су арқылы аққаланың суретін шығару. | Әр балаға бір қолданбалы сүлгі, су, ыдыс, сурет үлгілері, пламастыр. | «Артында не тұр, тауып көр?!» Ойын шарты: сандар таяқшасын есептеу арқылы жүргізуші таңдалады. Артында 1 зат тұрады, не тұрғанын білмейді. Ол үшін артқа қарай, өзі қараймай тұрып доп лақтырады. Кім қағып алса, артында ъұрған затты сипаттайды. Жүргізуші сұрайды: қандай көлемде? Дұрыс тапса, допты қағып алған бала жүргізуші болып ойынды жалғастырады. Таппаса, допты келесі ойыншыларға тапқанша лақтырып тұрады (2-3 рет ойнату). |

Scanned by TapScanner

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**«Қоңырау» ортаңғы топ**

**Ақпан айы 2022 ж**

**Өтпелі тақырып «Алуан-алуан кәсіп бар»**

**Мақсаты:** Балаларға өзін қоршаған орта туралы түсінік беру.

**Міндеті:** Дидактикалық ойындарды қолдану негізінде сөздік қорларын байыту.

Заттарды салыстыру нәтижелерін сөзбен жеткізу және кеңістік пен уақытты бағдарлай білу дағдыларын жетілдіру.

Ересектерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I «Маман-дықтар»** | **Сурет салу. Тақырыбы:** «Қардың бейнесін салу». | **Мақсаты:** Таяқшаларды пайдаланып қар суретін сала алады. | Қар – снег - snow | ТРИЗ технологиясының элементтері мақталы таяқшалары арқылы дәстүрден тыс сурет салу. | Көк түсті қағаз, ақ гуаш бояуы, қылқалам, су құйғыш, дымқыл сүлгі, дайын үлгі. | **«Өз орныңды тап!» Ойын шарты:** жерге үшбұрыш сызылып, оны 6-ға бөліп сызу керек. Балалар қолында жазылған санына қарап, белгі берілгенде жүгіріп, бубен тоқтағанша сандар қатарынан өз орнын тауып, тұра қалу керек. Мұғалім — мәртебелі мамандық Жұмбақтар жауабымен |
| | | **Мүсіндеу. Тақырыбы:** «Ұялы телефон» | **Мақсаты:** Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылық дағдыларын қалыптастыру. | Ұялы телефон-мобильный телефон-mobile phone | Мүсіндеу | Ермексаз, сурет үлгісі, сүлгі, ермексазға арналған тақтайша. | **Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон». Мақсаты:** Ойында ой-танымын кеңейту. |
| | **II «Көліктер»** | **Сурет салу. Тақырыбы:** «Түрлі-түсті көліктер». | **Мақсаты:** Салынған көліктердің пішіндерін мақталы | Көлік-машина- car | Триз технологисы элементтері арқылы алақанмен сурет салу. Топтық жұмыс. | Дайын үлгі суреттер, Ватманға салынған көлік суреті, су құйғыш, | **« Паравоз » Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | таякшалармен бояуға үйренеді. | | | қылқалам, гуаш, қалытқы табақша. | жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. |
| | **III «Техника және біз»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Теледидар»<br><br>**Жапсыру Тақырыбы:** «Велосипед» | **Мақсаты:** Шаршы пішінді заттардың суретін салуға үйренеді.<br><br>**Мақсаты:** Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы велосипед мүсіндеуге үйренеді. | Теледидар-телевизор- TV<br><br>Велосипед- a bike | Дайын сурет үлгілерін қылқаламмен сурет салу.<br><br>Үзік сызықтармен салынған суретті түрлі түсті қылқаламмен сурет салу. | Дайын сурет үлгілері, қылқалам, гуаш, су құйғыш, сүлгі.<br><br>Әр балаға үзік сызылған суреті бар қағаз, түрлі түсті қағаз. | **« Ұшты-ұшты »** **Мақсаты:** Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br><br>**« Ақ қоян »** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. |
| | **IV «Асапан әлемінің планеталары »** | **Сурет салу. Тақырыбы:** «Сәнді көйлек» | **Мақсаты:** Тігінші мамандығымен танысады (тігінші). Көйлек үлгісін әшекейлей алады. | Тігінші-швея- seamstress Көйлек-платья- dress | Триз технологиясы элементтері арқылы сурет салу. Дайын көйлек суретін мақталы таяқшамен әшекейлеу. | Әр балаға көйлек суреті бейнеленген парақ, мақталы таяқша, сурет үлгілері. | **« Төбеде доп қуу » №7** **Мақсаты:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |

Scanned by TapScanner

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

**«Қоңырау» ортаңғы топ**

**Наурыз айы 2022 ж**

**Өтпелі тақырып «Көктем жаршысы»**

**Мақсаты:** жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып, мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
2. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;

Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | I «Аяулы Анашым» | **Мүсіндеу Тақырыбы:** Көңілді маймылдар | **Мақсаты:** Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, қамырдан мүсіндейді. | Маймыл - обезьяна - monkey | Қамырмен мүсіндеу. | Қамырдан жасалған ермексаз, сурет үлгісі, сүлгі, ермексазға арналған тақтайша. | **«Өз орныңды тап!» Ойын шарты:** жерге үшбұрыш сызылып, оны 6-ға бөліп сызу керек. Балалар қолында жазылған санына қарап, белгі берілгенде жүгіріп, бубен тоқтағанша сандар қатарынан өз орнын тауып, тұра қалу керек. Мұғалім — мәртебелі мамандық Жұмбақтар жауабымен |
| | | **Сурет салу Тақырыбы:** Кілемшені әшекейлейік | **Мақсаты:** Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементерімен әшекейлей біледі. «Ирек ою» өрнегімен әшекейлеуге үйренеді. | Ою-өрнек – орнамент- ornament, «Ирек ою» | Триз технологиясы элементтері арқылы трафареттер арқылы сурет салу. | Трафарет ойылған ою-өрнек, гуаш бояуы, қылқалам, губкалы таяқша, су құйғыш, дымқыл сүлгі, дайын үлгі. | **« Күн мен түн »** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | **II «Салт – дәстүрлер »** | **Сурет салу Тақырыбы:** Ертегі кейіпкерлері | **Мақсаты:** Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін өз қалаулары бойынша салуға үйренеді. | Ертегі- сказки- story | Ертегі желісіндегі бауырсақ, шалқан суреттерін акварельмен сурет салу. | Дайын үлгі суреттер, акварель бояуы, қылқалам, сүлгі. | **«Өрмекші мен шыбындар»**<br>**Жүрісі:** Бұл ойында бір баланы өрмекші етіп тағайындайды. Қалғандары шыбын болып ызыңдап шашырап ұшып жүгіріп жүреді. Тәрбиеші өрмекші келді деп сигнал бергенде балалар әртүрлі пішін жасап қатып қалады. Көзін жұмып аузын ашып т.б. бет әлпетін түрлі етіп тұрып қалуға болады. Өрмекші келгенде белгілі бір уақытта қозғалмауы керек ( көзі, беті де). Өрмекші қозғалып қойған, көзін қағып т.б. баланы іздеп ұстап алады. Ұсталған баланың бірі өрмекші болып ауыса береді. |
| | **III «Өнер көзі- халықта»** | **Жапсыру Тақырыбы:** Кірпі | **Мақсаты:** Кірпі тіршілігімен танысады. Оның басқа аңдардан ерекшелігін түсінеді. қайшымен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасын естеріне түсіреді | Кірпі- еж- hedgehog | Триз технологиясы элементтері арқылы мақталы таяқшамен сурет салу. | Дайын сурет үлгілері, мақталы таяқша, гуаш, су құйғыш, сүлгі. | **« Жіптің үстімен доп лақтыру »**<br>Екі ағаштың немесе гимнастикалық бағанның арасына, баланың көкірегінен асатындай биіктікте, жіп немесе сетка тартылады. Жіптің екі жағынан, оған 1 м жерде сызық жүргізіледі. Балалар тобы ( екі жағынан 4-6 адамнан ) сызықтың екі жағында бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Шетте тұрған балалардың біреуі допты қабылдайды. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сурет салу Тақырыбы:** «Оюланған кесе» | **Мақсаты:** Кесенің сыртындағы ою өрнекті бояуға үйренеді. | Кесе- кружка- cup | Қылқаламмен сурет салу | Дайын сурет қағаз, акварель бояуы, қылқалам, сүлгі. | Тәрбиешінің « Баста» деген белгісі бойынша ол допты, сетка арқылы, қарсысында тұрған балаға лақтырады. Ол допты қабылдап, жанында тұрған балаға жібереді т.б. Доп ең соңғы ойнаушы топтардың қандай қателіктер жібергенін атап көрсетеді. **« Шар жарылды »** Тәрбиеші мен он шақты бала қол ұстаса шеңбер жасап« пф-пф-пф»-деп қолдарын кере шеңберді үлкейтіп кеңейте береді. Тәрбиеші « шар жарылды»-деп дауыстап қалғанда балалар қолдан жібере салып «ой»-деп отыра кетеді. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатып балаларды қол ұстаса шеңбер жасап тұруға үйретеді. |
| | **IV «Нұр төккен, гүл көктем»** | **Сурет салу Тақырыбы:** Ағаштар бүршік жарды | **Мақсаты:** Қылқаламмен сурет салуға үйренеді ағаштың суретін салуға үйренеді. | Ағаш- дерево- tree | Триз технологиясы элементтері арқылы сурет салу. Қарындашты пайдалану. | Әр балаға талдың суреті салынған парақ, қарындаш, гуаш, сүлгі, сурет үлгілері. | **« Кім шапшаң?»** Балалар саппен келе жатып, тәрбиеші белгі берісімен, жан-жаққа бытырап, ойнап кетеді. Екінші белгімен тез өз орындарына тұра қалады. Тәрбиеші «1,2,3» деп санағанша балалар тұрып үлгеруі керек. Кімнің тез, дұрыс тұрғанын атап айтылып, жаңылған балаға ескерту беріледі. |

Scanned by TapScanner

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Қоңырау» ортаңғы топ**
**Сәуір айы 2022ж**
**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
2. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
3. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

| 1 | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I «Көктем жаршысы-құстар»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Көктем гүлдері» | **Мақсаты:** Балалар көктем туралы түсінеді, гүлдердің аттарын ажырата біледі. Дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып, сурет салуға үйренеді. | Гүл- цветы- Flowers | Қылқаламмен гүлдің суретін салу. | Гуаш бояуы, қылқалам, су құйғыш, дайын үлгі, сүлгі. | **«Алақан ,табан іздері!»** **Мақсаты:** Ойдың жүйріктігіне, шапшаң шешім қабылдауға тәрбиелеу. Алақан, табан іздерін, оң және сол жақты шадаспай басып өту. **Сақина жасыру** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сақинаның |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы:** «Бақа» | **Мақсаты:** Бақа туралы түсіне отырып,ермексаз кесектерін үзу, жаншу, созу тәсілдерін қолданып бақаны мүсіндеуге үйренеді. | Бақа- лягушка- frog | Мүсіндеу | Ермексаз, сурет үлгілері, сүлгі, ермексаз тақтайшасы. | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. |
| | **II «Жылғалардан су ақта »** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Зымыран» | **Мақсаты:** Балалар ғарыш туралы түсінеді. Зымыран оның құрылысы тура-лы түсіне отырып,қағаз бетіне түсіреді. | Зымыран-ракета- rocket | Триз технологиясы элементтері арқылы трефаретпен сурет бастыру. | Дайын үлгі суреттер,әр балаға ақ бет қағаз, гуаш, губкалы таяқша, трафарет | «Әуе таяқ» Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5 - тен 10 – ға дейін ойыншы. Болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі. |
| | **III «Жәндіктер»** | **Сурет салу Тақырыбы:** Қаңқызы | **Мақсаты:** Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салуға үйренеді. | Қаңқызы-божья коровка-ladybug | Триз технологиясы элементтері арқылы сурет салу. Губкалы таяқшамен қызыл дақтарын салу. | Дайын сурет үлгілері, гуаш, су құйғыш, сүлгі, губкалы таяқша. | **«Қай жерде шырылдады?»** **Мақсаты:** Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жапсыру. Тақырыбы:** «Гүлдер әлемі» | **Мақсаты:** Гүлдердің түрлерімен танысады. Гүлдерді аялай білуге әсемдікті сезіне білуге үйренеді. | Әсемдік, гүл- цветы- flower | Триз технологиясы элементтері арқылы түтікшемен сурет салу. | Дайын сурет қағаз,әр балаға ақ парақ, түтікше, гуаш, сүлгі. | **«Құстар фабрикасы»** Мақсаты: Бір тыныс алғанда үш-төрт сөз айта білу. |
| | **IV «Көктемгі ағаштар»** | **Сурет салу Тақырыбы:** «Бидай масақтары». (Акварель бояу) | **Мақсаты:** Балалар сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуға үйренеді. | Бидай масақтары- колосья пшеницы- ears of wheat | Триз технологиясы элементтері арқылы сурет салу. Сопақша дөңгелектерді қолдану. | Әр балаға ақ парақ, акварель бояуы, сопақша қақпақ, сүлгі, сурет үлгілері. | **«Кім шапшаң?»** Мақсаты:Есту қабілетін дамыту.Балаларды дауысқа еліктіру. |

Scanned by TapScanner

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**«Қоңырау» ортаңғы топ**
**Мамыр айы 2022 ж**
**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

**Мақсаты:** «Денсаулық», «Коммуникция», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

**Міндеттері:**

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын беу;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әр-түрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
4. Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін бекіту

| | Апталық тақырып | ҰОҚ тақырыбы | ҰОҚ мақсаты | Сөздік жұмыс | Техникасы | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I «Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)** | **Сурет салу Тақырыбы:** Достық гүлі. | **Мақсаты:** Балалар гүл туралы түсіне отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін біле отырып, щеткамен шашырату әдісі арқылы гүлді бейнелейді. | Достық-дружба-friendship | Триз технологиясы элементтері арқылы тіс щеткасымен сурет салу. | Гуаш бояуы, тіс щеткасы, қылқалам, су құйғыш, дайын үлгі, сүлгі. | **«Қауырсынды тауып ал!»** Мақсаты: Балаларды қызыл, жасыл,сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу. |
| | | **Мүсіндеу Тақырыбы:** Жазда ойнаймыз доп | **Мақсаты:** Балалар доп туралы түсіне отырып, ермексазбен жұмыс жасауға үйренеді. | Доп- мяч- ball | Мүсіндеу | Ермексаз, сурет үлгілері, сүлгі, ермексаз тақтайшасы. | **«Алыста ма жақында ма?»** Мақсыты: затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **II «Бейбітшілік қорғанында»** | **Сурет салу Тақырыбы:** Күлімде күн (ұжымдық жұмыс) | **Мақсаты:** Алақанмен сурет салу қабілеті арқылы, күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуға үйренеді. | Күн- солнце- sun | Триз технологиясы элементтері арқылы алақанмен сурет бастыру. | Дайын үлгі суреттер, әр балаға ақ бет қағаз, гуаш. | **«Сиқырлы қап»** Мақсаты:Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. |
| | **III «Бізді қоршаған әлем»** | **Сурет салу Тақырыбы:** Жазғы ағаштар | **Мақсаты:** Балалар дәстүрден тыс сурет салудың үрлеу әдісі арқылы ағашты қағаз бетіне түсіре алады. | ағаш- дерево - tree | Триз технологиясы элементтері арқылы сурет салу. Түтікшемен үрлеу әдісі бойынша. | Сурет үлгілері, акварель бояуы, су құйғыш, сүлгі. | **«Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты:** геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. |
| | | **Жапсыру. Тақырыбы:** Достық үйі. | **Мақсаты:** Достық туралы түсіне отырып, сыйлық, сыйластық ұғымына байланысты достық үйін жасауға үйренеді. | Үй қабырғалары, шатыры, сары, қызыл,жасыл, көк. | Пішіндерді қиып жапсыру | Сурет үлгілері, түрлі түсті қағаз, қайшы, қарындаш. | **«Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. |
| | **IV «Әрқашан күн сөнбесін»** | **Сурет салу Тақырыбы:** Әкемнің еңбек құралдары. | **Мақсаты:**Балалар еңбек туралы түсіне отырып, топқа бөліну арқылы еңбек құралдарын(күрек, ара, балға, балта) салу. | Күрек- лопата- shovel, ара- пиление- sawing, балға- молоток- hammer, балта- топор - axe | Триз технологиясы элементтері арқылы трафаретпен сурет салу. | Әр балаға ақ парақ, гуаш, қылқалам, сүлгі, сурет үлгілері. | **«Үй құрылысының ретін көрсет»** **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. |

Scanned by TapScanner